

Гносеология - таным туралы ілім

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.01.2023

СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/128899/

Мукатаева А.А. б.ғ.к., С.Д. Сидоренко магистрант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа: Мақалада гносеологиялық процесс жүйесіндегі ең маңызды категория ретінде таным мәні ашылады. Тек тарихы ғана емес, сонымен бірге осы күрделі және көп қырлы процестің қалыптасуы мен дамуының заманауи аспектілері қарастырылады. Адамның танымдық әрекетінің әртүрлі түрлері мен формалары көрсетілген.

Аннотация: В статье раскрывается сущность познания как важнейшей категории в системе гносеологического процесса. Рассматривается не только история, но и современные аспекты формирования и развития этого сложного и многогранного процесса. Показаны различные виды и формы познавательной деятельности человека.

Annotation: The article reveals the essence of cognition as the most important category in the system of epistemological process. Not only history is considered, but also modern aspects of the formation and development of this complex and multifaceted process. Various types and forms of human cognitive activity are shown.

Түйінді сөздер: гносеология, таным, анықтама, пікір, дәлел.

Кіріспе

Таным мәселесіне айтарлықтай өз әсерін тигізген классикалық неміс философиясының өкілі Иммануил Кант. Кант философияда таным теориясында шынында да өзі айтқандай «Коперниктік төңкеріс» жасады. Одан кейін философияда таным туралы көзқарас мүлде өзгерді.

«Таным» деген не?, «Білімді қалай алуға болады?» деген мәселелер төңірегінде ойлана отырып, адам сонау ежелгі заманда-ақ өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезінген. Уақыт өте келе бұл мәселені саналы қойылуы және оны шешуге тырысуы салыстырмалы тәртіпті пішін алып, сол кезде білім туралы ілім қалыптасты.

Негізгі бөлім

Философтар таным теориясының мәселелері төңірегінде ой қозғай бастады. Гносеология — айналадағы әлемді тану туралы философиялық ғылым. Таным теориясы немесе гносеология (грекше *gnosis* — білім, таным) — философиямен бірге, оның іргелі бөлімдерінің бірі ретінде пайда болды және қалыптасты. Ол адам танымының сипатын, білімінің формаларын, оның жадағай түрінен тереңіне бойлау әдістерін зерттейді.

Таным теориясы немесе гносеология философияның алғашқы даму кезендерінен келе жатыр (гр. *gnosis*-таным, *logos*-ұғым, ілім). Гносеология – адамның танымдық ізденістерінің табиғатын, білімнің шындыққа қатынасын, оның мәдениет және байланыстар жүйесінде алатын орнын, даму шарттарын, ақиқат өлшемін және сонымен қатар, шынайы білімдерге жету заңдылықтары мен әдіс-тәсілдерін қарастырады. Одан кейін, кең тараған эпистемология термині пайда болады (гр.*episteme*-білім, *logos*-ілім). Бұл терминмен әдетте ғылыми таным теориясын белгілейді.

Декарт заманынан Батыс Еуропаның философиясында танымды “субъект-объект” арақатынасы негізінде қарастырып келе жатыр. Таным субъектісі деп арнайы мақсатқа негізделген, белсенді пәндік-практикалық таным әрекетін жасаушы және оны бағалаушыны айтады, бұған жеке индивид, ұжым, әлеуметтік топ, жалпы қоғам жатады. Таным объектісі деп субъектінің танымдық әрекеті неге бағытталса, соны айтады. Танымның объектісіне материалдық және рухани құбылыстар, сондай-ақ субъектінің өзі де кіреді. Танымның субъектісі мен объектісі бір-бірінің себебі болып табылады, өйткені субъектісіз объект жоқ, объектісіз субъектінің де болуы мүмкін емес. Таным процесінде субъект және объект бір-біріне едәуір әсерін тигізеді. Таным объектісін тандауының өзі субъектінің болуын қажет етеді. Ал бұл тандау адамның іс-әрекеттер мінезімен және оның рухани қажеттіліктерімен айқындалады: біреуге өнер туындысы эстетикалық сезімдер объектісі болса, екіншісіне ол өнертанымдық анализ жасау объектісі. [1]

Қазіргі заманда ғылыми таным саласында объекті мен субъектінің арасында басқа да делдал қызметін атқаратын әр-түрлі құралдар мен техникалық құрылымдар байқалады. Мысалы, атомдық физика саласында, микробиология және т.б. білім салаларында алынған мәліметтер таза объектінің қасиеттеріне, өзінен-өзі өмір сүретінге жатпайды, өйткені олар әр-түрлі құралдардың ықпалымен алынған болғандықтан, олардың іздерін сақтап қалады. Және субъектінің өзінің табиғаты жағынан әлеуметтілікке негізделгендіктен, ол да таза болмай, қоғамның даму деңгейімен байланысты болады. Сондықтан да, қазіргі гносеологияда білімді сараптаудың түпкі пункті индивидуалды субъект және оған қарсы тұрған объекті емес, керісінше, қоғамдық жүйелер дамуы мен қызметі және субъектаралық іс-әрекет.

Танымның мәнін түсіндіруде философтар әр түрлі пікірде болды.

Себептілік тұғырнама (Гоббс, Локк т.б.) бойынша таным – екі табиғи жүйелердің арақатынасының нәтижесі, ал білім енжарлы субъектінің сезім мүшелеріне тигізетін объектінің белсенді де физикалық әсерінің нәтижесінде қалыптасады.

Әрекеттілік тұғырнама (Выготский, Копнин, Лекторский т.б.) – әлеуметтік таным теориясының бейнесі ретінде түсінуде көрінеді, мұнда таным процесі субъект және объект арақатынасы деп қарастырылады, бірақ субъектінің белсенділігі – әлеуметтік мәдени ортаға тәуелді қалыптасатын адамның қабілеті деп түсіну.

Генетикалық эпистемология (Ж.Пиаже 1896-1980, “Баланың тілі мен ойлау қабілеті”, “Логика туралы трактат”, “Интеллект психологиясы”) танымды объекті мен белсенді әрекет жасаушы табиғи (биологиялық) субъектінің арақатынасы деп түсінеді. Осы қатынастардың негізінде, “субъекті объектіні тану және оның мәнін түсіну негізінде өзінің әрекеттерін, оның интеллект және ойлау операцияларын қамтитын біркелкі жүйеге ұйымдастырады.”

Танымның эволюция теориясы (Фоллмер т.б.) танымның негізі ретінде “орташа өлшемдегі әлем”, “мезокосм”, тек ол ғана адамның танымына мәлім болады, одан ғана адам түйсік-бейнелерді ала алады. Ал танымның нәтижелері мен танылатын әлемге сәйкестігі психиканың қабілетіне, эволюциялық және қоршаған ортаның өзгерістеріне беймделуіне байланысты болады.

Жоғарыда аталған тұғырнамалармен қатар басқа да теориялар бар, олар сындарлы қарым-қатынастың жүруіне мүмкіндік береді және гносеологияның дамуына ықпалын тигізеді. Танымның философиялық тұғырнамаларда дәстүрлі екі түрін белгілейді: сезімдік және рационалды танымдар. Олар бір-бірімен тығыз қатынаста болады және әрқайсысы өзінің формаларына ие.

Түйсік – адамның сезім мүшелеріне тікелей әсер ететін объективті дүниенің материалдық заттары мен нәрселерінің жеке қасиеттері мен сапаларының қарапайым, элементарлы бейнеленуі. Олар қоршаған айнала туралы жіктелмеген және затталған емес әсерлер, дабылдық және бағыттау қызметтерін атқарады.

Қабылдау – адамның сезім мүшелеріне тікелей әсер ету нәтижесінде, санада материалдық заттар пен нәрсенің біртұтас бейнесі қалыптасатын сезімдік танымның ерекше формасы. Қабылдау, міндетті түрде, субъектінің таным объектісімен тікелей байланыс орнатқан сәтте, түйсіктер негізінде пайда болады. Ол бейнелер-белгілер тұтастығымен сипатталады.

Елестету – сезімдік қабылдау негізінде қалыптасқан заттардың жанама-сезімдік бейнесі; бұрын қабылданған заттар мен нәрселердің көрнекі бейнесін сезім мүшелері арқылы қайта жаңғырту процесі. Елестету сезімдік байқау мен абстрактілі ойлау

арасында дәнекерлік қызметті атқаратын, индивидуалды жекеше білімнің сезімдік-тікелей және абстрактілі-жанама формаларын біріктіретін, сезімдік танымның жоғары формасы болып табылады.

Сезімдік таным барлық формаларының біртұтастығы ретінде адам өмірінде үлкен орын алады. Сезімдік таным арқылы адам қоршаған дүние туралы және өзі туралы алғашқы білімдерге ие болады, оның санасында әлемнің сезімдік бейнесі қалыптасады, оның қажеттілігі өзінің болмысының жағдайларына беймделуінде. [2]

Бірақ заттарды терең және жан-жақты танып білу үшін, тарихта болған оқиғаларды, белгілі бір әлеуметтік құбылыстарды түсіну үшін жалғыз ғана сезімдік таным жеткіліксіз. Міне, осында адамға көмекке рационалды, жиі абстрактілі ой деп аталатын таным келеді. Танымның бұл нысаңы адамның келесі мүмкіндіктерімен: идеализация, пікір айту, ой қорыту және т.б. логикалық операциялармен тығыз байланысты.

Оның бірінші формасы ұғым – заттар мен құбылыстардың немесе олардың топтарының жалпы және қажетті қасиеттері мен белгілерін бейнелейтін ойдың формасы. Жалпыланған заттардың саны әр түрлі болу мүмкін. Ұғым бір ғана заттың қасиетін немесе біркелкі топ заттардың қасиеттерін анықтауы мүмкін. Ұғымдар әр түрлі болады: біреулері танымның арнаулы бір саласында қолданылады, келесілері бірқатар ғылымдарда, үшіншілері жалпы бәріне де қатысты. Ойлаудың қандай түрі болмасын ол әрдайым ұғым арқылы жүзеге асады. Ұғым мазмұны жағынан объективті, логикалық формасы жағынан субъективті. Ұғымдар жалпы екі үлкен түрлерге бөлінеді: а) күнделікті тұрмыстық ұғымдар; б) ғылыми ұғымдар – терең жатқан, жалпы мәнді және заңды қасиеттерді бейнелендіреді. Ұғымның тілдік формасы сөз және сөздер болып табылады.

Пікір ұғымдардың логикалық байланысынан құрылады. Пікір арқылы адам шындық дүниедегі заттар мен құбылыстардың байланысын анықтайды. Басқаша айтқанда, пікір – адамның ойлау қабілеті деуге болады. Пікір – ұғымның байланысының көмегімен бірдеңе жайында не қостайтын, не терістейтін ойдың формасы. Пікірдің негізгі элементі ұғым болып табылады, өйткені пікір ұғымның мәнін ашып береді. Басқаша айтқанда, ұғымдарды “ұғуға”, түсінуге көмектеседі. Пікірдің тілдік формасы грамматикалық сөйлем болып табылады. Пікірдің таным формасы – ақиқатты немесе жалғандықты білдіреді. Ештеңе білдірмейтін пікір болмайды.

Абстрактілі ойдың ең маңызды формаларының бірі ой қорытынды болып табылады. Ол – белгілі бір нәтижеге, жаңа білімге әкелетін пікір болып табылады. Ой қортынды екі немесе одан да көп пікірлерден қорытынды жасап, жаңа пікір тұжырымдап шығарудың логикалық тәсілі болып табылады. Ой қортындының маңызды белгісі: ол арқылы адам шындық дүниенің заттары мен құбылыстарымен тікелей байланысқа кірмей-ақ, ол туралы пайымдау арқылы жанама түрде білім ала алады.

Рационалды таным туралы сөз қозғағанда, пайым және зерде өзара қатынасын да анықтау қажет. Антика кезеңінде адамның танымдық қабілеттерін де, пайымдау қабілетін де ақыл-ой арқылы танылатын заттарды түсінуге мүмкіндік беретін десе, ал зерде пікір талас жүргізуге мүмкіндік беретін, логикалық операцияларды саналы түрде біртіндеп жүргізу қабілетіне жатқызған. Зерде адамның танымдық қабілеттерінің ең жоғары болып есептелді, өйткені тек ол ғана мәнділіктің жалпы біртұтас бейнесін қамти алады және олардың негізгі принциптерін, заңдылықтарын, бастапқы негіздерін танып білуге мүмкіндік береді. Ол – нағыз даналық, философияның түпкі мақсаты. [3]

Пайым мен зерденің өзара қатынасын түсіндіруге И.Кант та өз үлесін қосты. Оның пікірінше, “барлық білім сезімнен басталады да, сонан соң ол пайымға өтеді және зердеде аяқталады, бізде одан жоғары ештеңе жоқ”. Канттың айтуынша, пайым – пікір айту, ойлау қабілеті, ережелер беруші. Ол тәжірибеге сүйенеді, сезімдік таным негізінде алынған материал. Бұл “материалдан” логикалық операциялар жүргізу арқылы, ол жаңа ойлар тұжырымдайды, алған білімдерді реттейді, тәжірибеден алған мәліметтерді жүйелейді, субъектіге таныс жағдайларда тез үйренуге көмектеседі. Ал зерденің өзінің ішінде ұғымдар мен принциптердің қайнары бар. Зерде оларды ақылдан да, сезімнен де алмайды. Ол өзі ұғымдар мен принциптерді жаратады. Және егер пайым бар білімдер шеңберінен шықпайтын болса, ал зерде олардан тыс шығып біздің білімдерімізді кеңейтіп, тереңдетеді.

Таным процесінде маңызды орынды сезімдік және рационалды танымның арақатынасы мәселесі алады. Бұл мәселемен байланысты екі қарама-қарсы пікірлер қалыптасты: сенсуалистер – танымда сезімдік формалардың маңыздылығын арттыра бағалайды және рационалистер – керісінше, абстрактілі ойлау формаларына шешуші орын береді. Ал соңғы кездері бұл танымның екі түрлері де маңызды екенін, екеуін бір-бірінен бөліп қарастыруға, ажыратуға болмайтыны дәлелденді, өйткені олар бірі-бірінен өтіп жатады. [4]

Қорытынды

Қорытындылай келе, таным – адамның қоршаған дүниені және ондағы өзін тануға бағытталған арнайы іс-әрекеті ретінде қарастырылады. Таным — білім алу және дамыту үдерісі үнемі тереңдетіліп және кеңейтіліп отыратын, нәтижесінде, жаңа білім алынатын адамзат пен қоршаған ортаның әрекеттесуі.

Осыған қарағанда таным әр түрлі заманда әр түрлі пайымдалып, философиядағы оның ролі үнемі өзгеріп отырған. Адамзаттың мыңдаған жылдарға созылған тарихы танымның өте күрделі көпдеңгейлі құбылыс екенін мойындайды. Миллиондаған адамдардың дүниетану әрекетінің негізінде әртүрлі жырақтар мен бұлақтардан қосылған өзен арнасы сияқты, қоғамдық мағынасы зор таным үрдісі қалыптасады.

Қазіргі таңда таным тек философиямен ғана зерттелмейді. Қазір оны түрлі арнаулы

ғылымдар: когнитивті психология, әлеуметтану және т.б. зерттейді. Барлық осы ғылымдар танымның жеке аспектілерін зерттей келе ғылымға үлкен үлес қосады. Алайда, әлемге деген танымдық қатынастың мағынасы нақтылы философиялық ойлау болып табылады, себебі ол адамның ақиқатқа деген көзқарасымен байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рысқалиев Т.Х. Философия тарихына шолу. Алматы, 2015 ж.
2. Қасабеков А. Тарихи философиялық таным. А., 2011 ж.
3. Нысанбаев Ә. Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы. А., 2019 ж.
4. Ойзермана Т. И. Философия Канта и современность. М., 1974 ж.

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.